



**№ 2 (34)
2014**

Меншік иесі және баспагер:
«Қазақстан Республикасының
Заң шығару институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
<http://www.izrk.kz> сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:
Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили
М.Ш. Қоғамов

Редакциялық алқа:
Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
М.Т. Ғабдуәлиев
Э.О. Дүйсенова
А.Д. Жүсіпов
Д.Ж. Игембаев
Т.Е. Каудыров
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
А.М. Нұрмағамбетов
Р.Т. Нұртаев
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев
Т.Ә. Серікбаев
У. Шапақ

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор қ., 8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.izrk.kz

Қазақстан Республикасы Заң шығару Институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (жаңа редакциясы) жобасы бойынша баспасөз релизі, Астана қ., 2014 жылғы 5 маусым.....	7
Конституциялық және әкімшілік құқық	10
Н.А. БИЕКЕНОВ Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының конституциялық бақылауды қамтамасыз етудегі қызметінің кейбір мәселелері.....	10
Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА Мемлекеттік монополияның құқықтық негіздері.....	16
С.С. ШЕШЕНБАЕВА Әкімшілік әділет неден басталады?.....	22
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы.....	26
С.П. МОРОЗ, С.М. ШУКУРОВА Қазақстан Республикасының банкроттық және оңалту заңнамаларының жаңалықтары.....	26
А.А. МҰҚАШЕВА, Р.Е. БҮЖІГІТОВА Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама аясында шағын су энергетикасын құқықтық қамтамасыз ету проблемалары.....	34
Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА, А.М. ҚАСЫМОВА Мұрагерлік кезіндегі әмбебап құқық мирасқорлығы.....	40
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу.....	44
С.М. РАХМЕТОВ Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын жетілдірудің өзектілігі: заң техникасы.....	44
Д.Ж. ИГЕМБАЕВ Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейін сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия жобасын талқылау шеңберінде: жеке пікір.....	49
Р.А. ОРСАЕВА Құқықтық білімділік әрқашан нәтиже бермейді.....	54

О.Б. ФИЛИПЕЦ Қазақстан Республикасы өмір бойы бас бостандығынан айыру институтын реттейтін қылмыстық және қылмыстық атқару заңнамасының нормаларын жетілдіру мәселелері.....	60
<i>Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану.....</i>	65
М.А. СӘРСЕМБАЕВ, К.М. СӘРСЕМБАЕВ, Д.М. СӘРСЕМБАЕВ Кейбір конвенциялар, қазақстандық және американдық заңнама, БҰҰ-ның халықаралық терроризммен күрес құрылымдары.....	65
Е.М. АБАЙДІЛДИНОВ Еуразиялық экономикалық одақты құру туралы Шарт жобасының ерекшеліктері.....	75
Ж.И. ИБРАГИМОВ Қазақстан Республикасының қатысуымен қалыптасатын интеграциялық бірлестіктердің құқықтық аспектілері.....	80
Қ.Ж. ҚУАНДЫҚОВ, М.К. ЖҮСІПБЕКОВА Қазіргі кезеңдегі Кедендік одақтың кедендік-тарифтік саясатының өзекті мәселелері.....	86
<i>Құқықтық мониторинг және қолданыстағы НҚА-ға сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама.....</i>	92
Т.С. САФАРОВА Қазақстан Республикасында құқықтық мониторинг жүргізуді әрі қарай жетілдірудің кейбір теоретикалық аспектілері.....	92
Ш.Ж. ТАУКЕБАЕВА Әлеуметтік жаңғырту аясындағы еңбек заңнамасы (іргелі ғылыми-қолданбалы зерттеу материалдары бойынша).....	96
<i>Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен.....</i>	100
Ә.Ә. ДӘУЛЕТХАНОВА, Ж.М. ТҰРАРОВА Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің ұғымдық кемшіліктері мен орфографиялық мәселелері.....	100
М.Б. АСЫЛБАЕВ, Т.Е. МҰШАНОВ Мемлекеттік тіл туралы заңды енді кешеуілдетуге болмайды!.....	108
Д.М. ШЫҢҒЫСБАЕВА Аударма жасауда заң тілінің сөз жасамдық және морфологиялық сипаттарын ескеру мәселелері.....	112
А.Н. КАДИРОВА Заң терминдерін аудару мәселелерін зерттеу мен тіларалық коммуникация саласындағы шығармашылық.....	116
<i>Шетелдік тәжірибе.....</i>	120
Т.А. ЖЕЛДЫБИНА (Саратов қ.) Имплементация құқықтық институт ретінде.....	120
Ю.А. ЛЕГЕЗА (Днепропетровск қ.) Мемлекеттік биліктің моральдық-этикалық құрамдас бөлігі.....	125
<i>Құқық қолдану тәжірибесі.....</i>	131
К.А. АРАЛБЕКОВА Сот актілерін орындау - басты міндет.....	131

Жас ғалым мінбері.....	133
Д.Ш. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА Ұлыбритания еліндегі атқарушы директорлардың асыра сыйақыларына құқықтық және корпоративтік шектеулерді қарастыру.....	133
А.М. ҚОҒАМОВ ҚР және АҚШ-тың қылмыстық процесінде әрбір адамның білікті заң көмегін алуға конституциялық құқығына қысқаша салыстырмалы-құқықтық талдау.....	139
Ж.М. ЛЕПЕСОВА Мұрагерлік құқығындағы өсиеттік бас тарту институты.....	143
С.Т. СӘРСЕМБАЕВА Қарақшылық пен бопсалаушылықтың ара-жігін ажыратудың проблемалық мәселелері.....	146
З.С. ӘШМОВА Аукцион сауда-саттық нысаны ретінде	151
Қ.О. ҚОЙЛЫБАЕВ Бала асырап алудан туындайтын құқықтық салдар.....	155
Д.Ш. ТӨКЕЕВ Ұйымдарға салынатын салықтан жалтару қылмысын нормативтік қаулыда қарастыру мәселелері.....	159
Ақпараттық хабарламалар	164
2014 ж. 24-25 сәуірде Мәскеу қ. өткен Еуразиялық сыбайлас жемқорлыққа қарсы үшінші жылсайынғы форум туралы ақпараттық хабарлама.....	164
2014 ж. 21 мамырда ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу мәселелері бойынша өткен практикалық семинар туралы ақпараттық хабарлама.....	166
2014 ж. 30 мамырда Астана қ. өткен «Қазақстан Республикасының заңнамасын реформалаудың өзекті мәселелері: теория және практика» атты Н.А. Шәйкеновті еске алуға арналған («Шәйкенов оқулары») халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама.....	170
«Сауда және инвестицияны қорғау туралы өңірлік халықаралық шарттар» тақырыбына өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама. Минск қ., 2014 жылғы 12-13 маусым	172
Н.А. Шәйкеновтің максималары мен афоризмдері.....	174
Мерейтой.....	175
З.ғ.д., профессор М.С. БЕЙБІТОВТІҢ туғанына 60 жыл.....	175
ҚР ҰҒЖА академигі, з.ғ.д., проф. И.Ш. БОРЧАШВИЛИДІҢ 60-жылдығына орай.....	177



**№ 2 (34)
2014**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
<http://www.izrk.kz>

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчашвили
М.Ч. Когамов

Редакционная коллегия:
Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
М.Т. Габдуалиев
Э.О. Дуйсенова
А.Д. Жусупов
Д.Ж. Игембаев
Т.Е. Каудыров
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
А.М. Нурмагамбетов
Р.Т. Нуртаев
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
Т.С. Сафарова
Т.А. Серикбаев
У. Шапак

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.izrk.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан

научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

Пресс-релиз Министерства юстиции Республики Казахстан по проекту Кодекса об административных правонарушениях (новая редакция), г. Астана, 5 июня 2014 года.....	8
<i>Конституционное и административное право</i>	10
Н.А. БИЕКЕНОВ Отдельные аспекты деятельности правоохранительных органов Республики Казахстан по обеспечению конституционного контроля.....	10
Л.Т. ЖАНУЗАКОВА Правовые основы государственной монополии.....	16
С.С. ШИШИМБАЕВА С чего начинается административная юстиция?.....	22
<i>Гражданское и гражданско-процессуальное право.....</i>	26
С.П. МОРОЗ, С.М. ШУКУРОВА Новеллы законодательства Республики Казахстан о реабилитации и банкротстве....	26
А.А. МУКАШЕВА, Р.Е. БУЖИГИТОВА Проблемы правового обеспечения малой гидроэнергетики в свете Концепции по переходу Республики Казахстан к «зеленой экономике».....	34
Л.С. ТУРГАНБАЕВА, А.М. КАСЫМОВА Универсальное правопреемство при наследовании.....	40
<i>Уголовное право и уголовный процесс.....</i>	44
С.М. РАХМЕТОВ Проблемы совершенствования уголовного законодательства Республики Казахстан: юридическая техника.....	44
Д.Ж. ИГЕМБАЕВ В рамках обсуждения проекта Антикоррупционной стратегии Республики Казахстан до 2025 года: собственные рассуждения.....	49
Р.А. ОРСАЕВА Правовое знание всегда дает результат.....	54

О.Б. ФИЛИПЕЦ К вопросу совершенствования норм уголовного и уголовно-исполнительного законодательства Республики Казахстан, регламентирующих Институт пожизненного лишения свободы.....	60
Международное право и сравнительное правоведение.....	65
М.А. САРСЕМБАЕВ, К.М. САРСЕМБАЕВ, Д.М. САРСЕМБАЕВ Some Conventions, Kazakh criminal legislation, UN structures in fight with international terrorism (Некоторые конвенции, казахстанское и американское законодательство, структуры ООН в борьбе с международным терроризмом).....	65
Е.М. АБАЙДЕЛЬДИНОВ Особенности Проекта Договора об учреждении Евразийского экономического союза.....	75
Ж.И. ИБРАГИМОВ Правовые аспекты интеграционных процессов с участием Республики Казахстан.....	80
К.Ж. КУАНДЫКОВ, М.К. ЖУСУПБЕКОВА Актуальные проблемы таможенно-тарифной политики Таможенного союза на современном этапе.....	86
Правовой мониторинг и антикоррупционная экспертиза действующих НПА.....	92
Т.С. САФАРОВА Некоторые теоретические аспекты дальнейшего совершенствования проведения правового мониторинга в Республике Казахстан.....	92
Ш.Ж. ТАУКИБАЕВА Трудовое законодательство в свете социальной модернизации (по материалам фундаментального научно-прикладного исследования).....	96
Из практики законодательства на государственном языке.....	100
А.А. ДАУЛЕТХАНОВА, Ж.М. ТУРАРОВА Терминологические недостатки и орфографические вопросы Гражданского кодекса Республики Казахстан.....	100
М.Б. АСЫЛБАЕВ, Т.Е. МУШАНОВ Не стоит откладывать принятие закона о государственном языке!.....	108
Д.М. ШЫНГЫСБАЕВА Вопросы словообразования и морфологических особенностей языка закона при переводе.....	112
А.Н. КАДИРОВА Изучение вопросов перевода юридических терминов и творческий подход к сфере межъязыковой коммуникации.....	116
Зарубежный опыт.....	120
Т.А. ЖЕЛДЫБИНА (г. Саратов) Имплементация как правовой институт.....	120
Ю.А. ЛЕГЕЗА (г. Днепропетровск) Морально-этическая составляющая государственной власти.....	125
Правоприменительная практика.....	131
К.А. АРАЛБЕКОВА Исполнение судебных актов – главная обязанность.....	131

Трибуна молодого ученого..... 133

Д.Ш. ХУДАЙБЕРГЕНОВА Examination of the Legal and Governance Restraints on Excessive Executive Directors' Remuneration in the Great Britain (Рассмотрение правовых и корпоративных ограничений на чрезмерные вознаграждения исполнительных директоров в Великобритании)..... 133

А.М. КОГАМОВ Краткий сравнительно-правовой анализ конституционного права каждого на получение квалифицированной юридической помощи в уголовном процессе Республики Казахстан и США..... 139

Ж.М. ЛЕПЕСОВА Институт завещательного отказа в наследственном праве..... 143

С.Т. САРСЕМБАЕВА Problematic issues of delimitation of robbery and extortion (Проблемные вопросы разграничения разбоя и вымогательства)..... 146

З.С. АШИМОВА Аукцион как форма торгов..... 151

Қ.О. ҚОЙЛЫБАЕВ Правовые последствия при усыновлении (удочерении)..... 155

Д.Ш. ТОКЕЕВ Вопросы рассмотрения в нормативном постановлении по преступлению уклонения от уплаты налогов с организации..... 159

Информационные сообщения 164

Информационное сообщение о Третьем ежегодном Евразийском антикоррупционном форуме в г. Москве, 24-25 апреля 2014 г. 165

Информационное сообщение о практическом семинаре по вопросам проведения научной лингвистической экспертизы, 21 мая 2014 г. 168

Информационное сообщение о международной научно-практической конференции «Актуальные вопросы реформирования законодательства Республики Казахстан: теория и практика», посвященной памяти Н.А. Шайкенова («Шайкеновские чтения»), г. Астана, 30 мая 2014 г. 171

Информационное сообщение о международной научно-практической конференции на тему: «Региональные международные договоры о торговле и защите инвестиций» в г. Минске, 12-13 июня 2014 года 173

Максимы и афоризмы Н.А. Шайкенова..... 174

Юбилей..... 175

Д.ю.н., профессору БЕЙБИТОВУ М.С. - 60 лет..... 175

К 60-летию академика НАЕН РК, д.ю.н., проф. И.Ш. БОРЧАШВИЛИ..... 177



Дархан Шүкірбайұлы Төкеев,

Қаржы полициясы академиясының докторанты, құқық магистрі

ҰЙЫМДАРҒА САЛЫНАТЫН САЛЫҚТАН ЖАЛТАРУ ҚЫЛМЫСЫН НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫДА ҚАРАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Салық – кез келген мемлекеттің қажетті табысты қайнар көзі екендігі бәрімізге мәлім. Бұл әрине мемлекеттің міндетті белгісі бола отырып, өмір сүру қалыпын, экономикалық дамуы мен стратегиялық бағытын көрсетеді. Сәйкесінше, еліміздің салық жүйесі Тәуелсіздік алған уақыттан бастап (1991 жылы) қалыптасып, өз ұйымдастырушылық-құқықтық реттеу жағдайымен халықтың міндеттілігін алып келеді. Яғни, салықты төлеу ең алдымен Қазақстан Республикасы Конституциясының 35-бабында: «Заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әр міндеті болып табылады» деп көрсетілген [1, 4]. Аталған Конституция тұлға (жеке немес заңды тұлға) мен мемлекеттің арасындағы құқықтық қатынасты реттейтін негізгі заң болып саналады. Ал осындай нақты қызметін реттеу мен ұйымдастыру үшін арнайы нормативтік акті қабылданады.

Осындай салық қатынастарын тікелей реттеуші нормативтік-құқықтық актілер қатарына Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы N 209 «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексі жатқызылады. Аталған кодекс салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді белгілеу, енгізу және есептеу мен төлеу тәртібі жөніндегі билік қатынастарын, сондай-ақ мемлекет пен салық төлеуші (салық агенті) арасындағы салық міндеттемесін орындауға байланысты қатынастарды реттейді [2, 2].

Әрине аталған қатынастар заң нормаларына сәйкес жүзеге асырылса, қалыпты дұрыс әрекет болып есептеледі, ал заңға қайшы және құқық бұзушылық орын алған жағдайда, бұл тиісінше көрсетілген нормативтік-құқықтық актілерге қарама-қайшылық тудырады. Бұндай жағдай

басқа реттеуші құқықтық норманы талап етеді, ол әрине мемлекет мүддесін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталып, заман ағымына қарай өзгертіліп отырады. Олардың қатарына 2001 жылғы күшіне енген Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі, 1998 жылғы күшіне енген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі және оның нормаларын дұрыс қолдануына түсініктеме беретін Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының нормативтік қаулылары жатқызылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі (2013 жылғы 4 шілдеде берілген өзгерістер мен толықтырулармен) салық саласындағы бірқатар әкімшілік құқық бұзушылықтарды қарастырып кеткен, бұндай құқық бұзушылықтарға қолданылатын нормалардың саны 17 құрайды. Атап айтқанда: 205-бап, Салық органында тіркеу есебіне қою мерзімінің бұзылуы; 205-1-бап. Арнаулы салық режимін қолданған кезде қызметті заңсыз жүзеге асыру; 205-2-бап, Салық органының салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұру туралы шешімінің қолданылуы кезеңінде қызметті жүзеге асыру; 206-бап, Салық есептілігін, сондай-ақ шартты банк салымына байланысты құжаттарды табыс етпеу; 206-1-бап, Мәмілелер мониторингі бойынша есептілікті, сондай-ақ трансферттік баға белгілеу кезінде бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды табыс етпеу; 206-2-бап, Қаржылық бақылау шараларын бұзу; 207-бап, Салық салу объектілерін жасыру; 208-бап, Есепке алу құжаттамаларының болмауы және салық есебін жүргізуді бұзу; 208-1-бап, Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептелген (есептелген) сомасын төлеуден жалтару; 209-бап, Салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасын кемітіп көрсету; 210-бап, Салық агентінің салықтарды ұстап қалу және (немесе)

аудару жөніндегі міндеттерді орындамауы; 211-бап, Жалған шот-фактура жазып беру; 216-бап, Банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа да ұйымдар, қор биржалары лауазымды адамдарының салық заңдарында көзделген міндеттерді орындамауы; 217-бап, Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың салық заңдарында белгіленген міндеттерді орындамауы; 218-бап, Банк операциялары туралы көрінеу жалған мәліметтер табыс ету; 218-1-бап, Кеден одағында тауарлардың экспорты мен импорты, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде салық төлеушілердің Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген міндеттерді орындамауы, сондай-ақ тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды орындамауы; 219-бап, Салық қызметі органдары мен олардың лауазымды адамдарының заңды талаптарын орындамау деген нормалары бар [3].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 1998 жылдан бастап салық қылмыстары бойынша баптар қарастырған, соның ішінде азаматтың салық және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтаруы (221-бап) мен Ұйымдарға салынатын салықты және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтару (222-бап), орын алып, қазіргі уақытқа дейін жаңартылған күйде сақталып келеді. Ал, салық төлеушінің салық берешегі шотына билік ету шектелген мүлікке қатысты заңсыз іс-әрекеттері (222-1-бап) деген норма кейінгі жылдардағы өзгертулерден орын алып отыр [4, 99].

Әрине аталған заңнамалар салық құқық бұзушылығы мен салық қылмыстары аясындағы қатынастарды реттейді, яғни оған қоғамдық қауіптілігі, құқыққа қайшылығы, кінәлілігі, әрекеттің болуы, жауаптылығы және жаза қолданылуы кіреді. Осындай заңнамалық реттелу кінәлі тұлғаның толық жазалану жағдайын ойластырып қойғанымен, жаза қолданудағы тәжірибеде әртүрлі келеңсіз жағдайлардың бар екендігін ескере алмайды. Ал бұндай жазалау тәжірибесін дұрыс, әрі тиімді қолдануды жүзеге асыратын соттардың нормативтік қаулылары екендігін ұмытпауымыз керек.

Осыған сәйкес, салық салу мәселелері жөніндегі конституциялық талаптарды дұрыс және негізді орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының Пленумы 1999 жылғы 20 желтоқсанда «Соттардың салық

заңнамасын қолдануының кейбір мәселелері туралы» № 19 қаулы қабылдады. Уақыт өте келе, көрсетілген нормативтік қаулы 2006 жылғы 23 маусымда қабылданған «Салық заңнамасын қолданудың сот тәжірибесі туралы» №5 қаулыға сәйкес өз күшін жоғалтып, 2012 жылдың қыркүйек айында «Салық заңнамасын қолданудың сот тәжірибесі туралы» жаңа нормативтік қаулы жобасы дайындалды. Аталған нормативтік қаулылар әр кезеңде тек сол уақытта туындаған қатынастардың қолданылуын шешіп, нақты сала бойынша жаза қолданудың белгілі бір сұрақтарын дұрыс түсінуді қамтамасыз еткен.

Қазіргі уақытта, жоғарыда айтылған Жоғарғы соттың нормативтік қаулыларының күші жойылып, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2013 жылғы 27 ақпандағы №1 «Салық заңнамасын қолданудың сот практикасы туралы» қаулысы әрекет етіп келеді. Ал, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы «Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» N 2 Нормативтік қаулысы экономикалық қызмет саласындағы бірқатар қылмыстарды саралаудың мәселелерін ескергенімен, ұйымдардың салықтан жалтару қылмысын саралаудағы сұрақтарға тоқталмаған. Сондықтан, ұйымдардың салықтан жатару бойынша ең алдымен қылмыс ретінде тану үшін толық, жан-жақты түсініктеме беретін бір нормативтік қаулының болуы өте маңызды, сол себепті ұйымдардың салықтан жалтару бойынша кейбір сұрақтарды қарастырған жоғарыда аалған «Салық заңнамасын қолданудың сот практикасы туралы» Жоғарғы соттың нормативтік қаулысына тоқталайық.

Қаулыда, салық заңнамасының жекелеген нормаларын түсіндіру қажеттігіне байланысты, жалпы салық заңнамасының негіздері, салықты қолданылуы, салық және бюджетке міндетті төлемдердің ставкалары, жалпы айтқанда азаматтық-құқықтық қатынас, салықтық қатынастар жөнінде айтылған. Дәлірек тоқталатын болсақ, «Салық кодексінің 9-бабына сәйкес салық салу мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер ресми басылымдарда міндетті түрде жариялануға жатады. «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабының 1-тармағы бойынша уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің жоғарыда көрсетілген нормативтік құқықтық бұйрықтарының және жергілікті өкілді органдардың, азаматтардың құқықтары

мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық шешімдерінің күшіне енуі үшін олардың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуі қажетті шарт болып табылады» делінген [5, 1]. Бұдан біз, нормативтік қаулы салық заңнамасының жариялануы мен өзгертулер болған жағдайға оның әділет органдарында өтуі міндетті болатынын көре аламыз.

Ал тікелей салық заңнамасына қатысты қаулыда былай делінген: «Салық кодексінің 20-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес салық қызметі органдары өз құзыреті шегінде салық міндеттемесінің туындауы, орындалуы және тоқтатылуы жөнінде түсіндіруді жүзеге асыруға және түсініктемелер беруге міндетті. Мұндай түсіндірулер мен түсініктемелер, соның ішінде уәкілетті органның түсіндірулері мен түсініктемелері де нормативтік құқықтық актілерге жатпайды» - деп айтылған [5, 1]. Бұл да нақты салық қызметкерлерінің түсіндірмелері мен түсініктемелері нормативтік құжат болып санала алмайтыны жөнінде тоқталған.

Сол сияқты қарастырылып отырған қаулыда, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 1-бабы, 4-тармағында көрсетілген заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда салық қатынастарына азаматтық заңдардың қолданылмайтыны туралы түсіндірме берген. Және соттардың осы салық қатынастарының аражігін азаматтық заңнамамен реттелетін басқа мүлктік қатынастардан ажыратып алу қажеттілігіне тоқталған.

Дәл сол сияқты Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінде зиянды өндіру туралы түсініктеме беріп кеткен, сонымен қатар, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және оның филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу жағдайлары туралы да түсінік берілген.

Жалпы айтқанда талқыланып отырған нормативтік қаулы салық қатынастарын жүзеге асыру, оны орындау кезінде қойылатын талаптар, міндеттер және анықталған мерзім және жағдайларға көп көңіл бөлінген. Ал енді осындай салықтық міндеттемелерді орындамаған, яғни, салықты немесе бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдерді төлемеген жағдайда одан әрі қалай шешілу немесе бұл салықтық құқық бұзушылық па әлде салық қылмысы ма деген сұрақтар толық түсіндірілмеген.

Бірақ, осы қаулыда тек, салық қылмысына қатысты былай айқындалған: «Алайда, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК) 222-бабында (ұйымдарға салынатын салықты төлеуден жалтару)

көзделген қылмыспен келтірілген зиянды өндіру туралы істер бойынша салықтың салық төлеуші болып табылатын заңды тұлғаның қызметімен байланысты есептелетіндігін назарға алу керек. Салық кодексінің 31-бабы 1-тармағында белгіленген жалпы қағидаға сәйкес салық міндеттемесін орындауды салық төлеуші дербес жүзеге асырады. Кінәлі жеке тұлғаның қылмыстық әрекеттерінің нәтижесінде заңды тұлға салық төлеуден жалтарады, демек, ол салық берешегін төлеуге тиіс. Салық міндеттемесін дербес орындағаннан кейін заңды тұлғаның кінәлі адамға төленген өсімпұл мен айыппұлдың мөлшерінде кері (қарсы) талап қоюға құқығы бар» деп айтылған [5, 2]. Осы жерде ұйымдарға салынатын салықты жалтару жағдайы толық түсіндірілмеген, тек заңды тұлғаның келтірген зиянды өндіру жағдайы оның тікелей қызметімен байланысты есептелу керектігі және жалтарған сомманы мемлекетке қайтару қажеттілігі айтылған. Осындай жағдай ұйымдарға салынатын салықты жалтару қылмысына көптеген түсініксіз, жаза қолданылуда шешілмей қалатын сұрақтарды туындатқызып отыратыны сөзсіз.

Ұйымдардың салықтан жалтару қылмысы тәжірибесінде қазіргі таңда бірқатар заңнамалық тұрғыда тиімді әрі дұрыс шешімді қажет ететін мәселелер туындап келеді. Солардың қатарына: 1) декларацияны табыс етпеу, декларацияға кірістер мен шығыстар туралы көрінеу бұрмаланған деректерді енгізу жолымен, салық салынатын басқа да объектілерді және басқа да міндетті төлемдерді жасыру жолымен ұйымдарға салынатын салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтару әрекеттері, егер салық немесе басқа да міндетті төлемдерді ірі мөлшерде (ірі мөлшер – 2 000 айлық есептік көрсеткіш) төлемеуге әкеп соққандағы жағдай; 2) декларацияны табыс етпеу, декларацияға кірістер мен шығыстар туралы көрінеу бұрмаланған және т.б. көрсетілген әрекеттерді жасап, ал шығын 2 000 айлық есептік көрсеткішке жетпеген жағдайда қандай жауаптылыққа тарту 3) жалтарған сомманың орның толтыру және өзге де сұрақтар жатқызамыз. Осындай мәселелер заманауи заңнамалық қолданылу шешімін табу қажет, сондықтан ұйымдардың салықтан жалтару үшін жауаптылық көзделгенімен, оны сот тәжірибесінде жаза мен жауаптылықты дұрыс қолдану үшін Жоғарғы соттың нормативтік қаулысында істі қарауда даулы болып өзектілікке ие болған сұрақтар толығымен қарастырылуы

кажет деп ойлаймыз. Әсіресе, қазіргі уақытта ұйымдарға салынатын салықты жалтару қылмыстары көбеюіне байланысты, жалтарудың жаңа жолдарына жол бермей тұрған кезде тәжірибелік қызметкерлер мен теориялық зерттеушілерге түсіндірмелік нұсқама ретінде нормативтік талқылау өте қажет.

Сондықтан, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2013 жылғы 27 ақпандағы №1 «Салық заңнамасын қолданудың сот практикасы туралы» қаулысына салықтан жалтару, соның ішінде ұйымдардың салықтан жалтаруы бойынша тәжірибеде назар аударатын сұрақтарға көңіл бөліп, алдында айтқандай салықтық құқық бұзушылық пен салықтық қылмысты ажырату белгілерін, ұйымдардың салықты жалтарғаннан кейін оны мемлекетке қайтару процесі, яғни, егер оның кәсіпорны жалған кәсіпкер болған жағдайда бюджетке қажетті сомманы тиімді қайтару жолдарын, сонымен қатар, егер

ұйымның қандай тұлғалары жауаптылыққа тартылуы қажет деген сияқты сұрақтар толық түсіндірілуі керек деп есептейміз.

Қорыта айтқанда, қандай да бір заңнама, белгілі бір сала бойынша қоғамдық қауіптілігі мен келтірілетін зардабына сай жауаптылық дәрежесін көздеу қажет, атап айтқанда, ұйымдарға салынатын салықты жалтару ең алдымен тәртіптік жаза қолдану бойынша, содан соң әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамамен, егер оның реттеу деңгейінен асып кетсе, онда қылмыстық заң нормаларымен шара қолданылуы тиіс. Сол себепті ҚР Жоғарғы Сотының «Салық заңнамасын қолданудың сот практикасы туралы» нормативтік қаулысы құқық бұзушылар үшін жаза, жауаптылық және жалтарған соммаға бақылау жасау механизмін заңнамалық реттеуін көрсету немесе қандай да бір реттеуші нормативтік акт қалыптастырып, сілтеме жасау керек деп ойлаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы. (Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 2 ақпандағы Заңымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 48-б.
2. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы N 209 заңымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы кодексі» (02.04.2013 ж. енгізілген өзгертулер мен толықтырулармен).
3. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы №156-II Заңымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі» (27.04.2012 ж. енгізілген өзгертулер мен толықтырулармен) 396-б.
4. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі №168 Заңымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі» (04.07.2013 ж. Енгізілген өзгертулер мен толықтырулармен) 211-б.
5. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2013 жылғы 27 ақпандағы №1 «Салық заңнамасын қолданудың сот практикасы туралы» қаулысы. 13-б.



Мақалада Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Салық заңнамасын қолданудың сот практикасы туралы» нормативтік қаулысына ұйымдарға салынатын салықты жалтарған кездегі жауаптылық және мемлекеттен жалтарған сомманы қайтарудың кейбір мәселелері қарастырылған.

Түйін сөздер: салық қылмыстары, ұйымдардың салықтан жалтаруы, соттардың нормативтік қаулысы.

В данной статье рассматриваются некоторые вопросы ответственности уклонения от уплаты налогов организациями и возвращения уклоненных сумм от государства в постановлении Верховного Суда Республики Казахстан «О судебной практике применения налогового законодательства».

Ключевые слова: налоговые преступления; уклониться от налогов организации; нормативное постановление суда.

This paper contains some problems of responsibility in cases of tax evasion of companies and recovering the sum of evasion to the state in the resolution of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan "About experience of court in using tax legislation".

Keywords: tax crime; evade a company tax; regulatory resolution of the court.

Дархан Шүкірбайұлы Төкеев,

Қаржы полициясы академиясының докторанты, құқық магистрі

Ұйымдарға салынатын салықтан жалтару қылмысын нормативтік қаулыда қарастыру мәселелері

Төкеев Дархан Шукирбаевич,

докторант Академии финансовой полиции, магистр права

Вопросы рассмотрения в нормативном постановлении по преступлению уклонения от уплаты налогов с организации

Tokeev Darkhan Shukirbayevich,

the doctoral candidate of Academy of financial police, the master it is right

Matters on using crime of tax evasion of companies in regulatory resolution

